



"Төтенше жағдайдың құқықтық режимі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 29 наурыз N 370

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Төтенше жағдайдың құқықтық режимі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

"ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕЖИМІ ТУРАЛЫ"

Осы Заң Қазақстан Республикасының барлық аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде төтенше жағдайды енгізудің негіздерін, тәртібін, мемлекеттік органдардың, өзге де ұйымдардың, олардың лауазымды адамдарының төтенше жағдай кезіндегі қызметінің ерекше құқықтық режимін белгілейді және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, ұйымдардың құқықтарына жекелеген шектеулер қоюға, сондай-ақ оларға қосымша міндеттер жүктеуге жол береді.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

төтенше жағдай - Республиканың демократиялық институттарына, тәуелсіздігі мен

аумақтық тұтастығына, саяси тұрақтылығына, оның азаматтарының қауіпсіздігіне елеулі және тікелей қауіп төнген және мемлекеттің конституциялық органдарының қалыпты жұмыс істеуі бұзылған жағдайларда азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын қорғау мүдделерінде ғана қолданылатын және мемлекеттік органдардың, өзге де ұйымдардың, олардың лауазымды адамдарының төтенше жағдай кезіндегі қызметінің ерекше құқықтық режимін белгілейтін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, ұйымдардың құқықтарына жекелеген шектеулер қоюға, сондай-ақ оларға қосымша міндеттер жүктеуге жол беретін уақытша шара;

төтенше жағдай енгізілетін жерлердің шекаралары - Қазақстан Республикасының аумағы, Республиканың бір немесе бірнеше әкімшілік-аумақтық бірліктерінің аумағы;

жергілікті комендатура - төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін төтенше жағдай енгізілген жерлерде құрылатын уақытша арнайы атқару органы;

жергілікті комендант - Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын, төтенше жағдай енгізілген жердегі комендатураның қызметіне басшылық жасайтын және төтенше жағдай режимін қамтамасыз ететін күш-құралдарды бірыңғай басқаруды жүзеге асыратын лауазымды адам;

коменданттық сағат - қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті сақтау мақсатында төтенше жағдай қолданылатын кезеңге енгізілетін және азаматтардың коменданттық сағат кезінде арнайы берілген рұқсат қағазынсыз және жеке басын куәландыратын құжаттарсыз көшелерде және өзге де қоғамдық орындарда немесе үйлерінен тысқары жерде болуына тыйым салу көзделетін уақытша шара.

2-бап. Төтенше жағдайдың құқықтық негізі

Қазақстан Республикасының К951000_ Конституциясы, осы Заң және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері төтенше жағдайды енгізудің құқықтық негізі болып табылады.

3-бап. Төтенше жағдайды енгізудің мақсаты

Төтенше жағдайды енгізуге себеп болған мән-жайларды жою, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын қорғау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету төтенше жағдайды енгізудің мақсаты болып табылады.

2-тарау. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДЫҢ НЕГІЗДЕРІ, ОНЫ ЕНГІЗУДІҢ, ҰЗARTУДЫҢ ЖӘНЕ ТОҚTATУДЫҢ

ТӘРТІБІ

4-бап. Төтенше жағдайды енгізудің негіздері

1. Төтенше жағдай Республиканың демократиялық институттарына, тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына, саяси тұрақтылығына, оның азаматтарының қауіпсіздігіне елеулі және тікелей қауіп төнген және мемлекеттің конституциялық органдарының қалыпты жұмыс істеуі бұзылған жағдайда енгізіледі.

2. Төтенше жағдайды енгізуге негіз болатын мән-жайларға:

1) шекаралас мемлекеттер аумақтарынан мемлекеттік шекара арқылы жаппай өту; халықаралық терроризмнің конституциялық құрылысты өзгертуге бағытталған белсенді іс-қимылдары; қарулы қақтығыстарға тарту мақсатындағы басқа мемлекеттер тарапынан болатын арандатушылық іс-әрекеттер; Республиканың конституциялық құрылысын күш қолдану арқылы өзгерту немесе аумақтық тұтастығын бұзу әрекеттері; жаппай тәртіпсіздіктер және ұлтаралық қақтығыстар; экстремистік топтардың жекелеген жерлерді қоршап алуы немесе басып алуы;

2) табиғи апаттар (зілзала, сел, қар көшкіні, су тасқыны және т.б.), табиғи өрттер, індеттер мен эпизоотиялар, ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің және ормандардың аурулар мен зиянкестерге ұшырауы, өнеркәсіптік, көліктік және басқа апаттар, күшті әсер ететін улы, радиоактивті және биологиялық қауіп бар заттардың ауаға шашырауы (шашырау қауіпі) орын алған өрттер (жарылыстар), апаттар, ғимараттар мен құрылыстардың кенеттен қирауы, су бөгеттерінің бұзылуы, тыныс-тіршілікті қамтамасыз ететін электроэнергетикалық және коммуникациялық жүйелердегі, тазарту құрылыстарындағы апаттар себеп болған және жағдайды тезірек тұрақтандыруды, құқық тәртібін қамтамасыз етуді, қажетті құтқару және апаттық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін жағдай жасауды талап ететін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жатады.

5-бап. Төтенше жағдайды енгізу

Қазақстан Республикасының барлық аумағындағы немесе оның жекелеген жерлеріндегі төтенше жағдай Қазақстан Республикасының Премьер-Министрімен және Парламенті Палаталарының төрағаларымен ресми кеңесулерден кейін Қазақстан Республикасы Президентінің актісімен енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін қолдану кезінде ол туралы Қазақстан Республикасының Парламентіне дереу хабар беріледі.

Қазақстан Республикасының аумағында төтенше жағдай енгізілген кезде Қазақстан

Республикасы Президентінің шешімімен Қазақстан Республикасының төтенше бюджеті енгізілуі мүмкін және төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету бойынша жүргізілетін іс-шараларды қаржыландыру Қазақстан Республикасы төтенше бюджетінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Төтенше бюджетті енгізу туралы Қазақстан Республикасының Парламентіне дереу х а б а р б е р і л е д і .

Қазақстан Республикасының аумағында төтенше жағдай енгізілген кезде төтенше бюджет енгізілмеген жағдайда төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету бойынша жүргізілетін іс-шараларды қаржыландыру Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің және Қазақстан Республикасының жергілікті атқару органдары резервтерінің қаражаттары есебінен жүзеге асырылады.

6-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің Төтенше жағдайды енгізу туралы актісінің мазмұны

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Төтенше жағдайды енгізу туралы а к т і с і н д е :

1) осы Заңның талаптарына сәйкес төтенше жағдайды енгізуге негіз болған м ә н - ж а й л а р ;

2) төтенше жағдайды енгізу қажеттігінің негіздемесі;

3) төтенше жағдай енгізілетін жерлердің шекаралары;

4) төтенше жағдай режимін қамтамасыз ететін күш-құралдар;

5) осы Заңға сәйкес енгізілетін шаралардың және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, ұйымдардың құқықтарын уақытша шектеулердің, сондай-ақ оларға қосымша жүктелетін міндеттердің тізбесі;

6) төтенше жағдайды енгізу кезеңінде құрылатын мемлекеттік басқарудың ерекше н ы с а н д а р ы ;

7) төтенше жағдай режимі кезінде қолданылатын іс-шараларды жүзеге асыруға жауапты мемлекеттік органдар (лауазымды адамдар);

8) төтенше жағдайды енгізу туралы актінің күшіне ену уақыты, сондай-ақ төтенше жағдай енгізілетін нақты мерзім көрсетіледі.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Төтенше жағдайды енгізу туралы актісі заңнамаға сәйкес ресми баспасөз органдарында дереу жариялануы тиіс және барлық бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тұрғындар назарына жеткізеді.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Төтенше жағдайды енгізу туралы актісі заңнамаға сәйкес Президент белгілеген мерзімде немесе ол ресми баспасөз органдарында жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

7-бап. Төтенше жағдайдың қолданыста болу мерзімі

1. Қазақстан Республикасының барлық аумағында енгізілетін төтенше жағдайдың қолданыста болу мерзімі 30 тәуліктен, ал оның жекелеген жерлерінде - 60 тәуліктен аспайды.

2. Төтенше жағдай енгізілген мерзім өткеннен кейін төтенше жағдай тоқтатылды деп есептеледі.

3. Төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлар жойылмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті тиісті акт шығару арқылы осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзімдер шегінде оның қолданысын ұзартуға құқылы.

8-бап. Төтенше жағдайды тоқтату

1. Төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлар жойылған болса, Қазақстан Республикасының Президенті төтенше жағдайды ол енгізілген мерзім аяқталғанға дейін толық немесе ішінара тоқтатуға құқылы.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Төтенше жағдайды толық және

ішінара тоқтату туралы актісі осы Заңда Төтенше жағдайды енгізу туралы актінің күшіне енуі үшін қарастырылған тәртіппен күшіне енеді.

9-бап. Төтенше жағдай режимінің құқықтық ерекшеліктері

Төтенше жағдай кезеңінде Қазақстан Республикасының Парламенті таратылмайды.

3-тарау. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ РЕЖИМІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

10-бап. Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ететін күш-құралдар

1. Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқару органының және басқа да мемлекеттік органдардың күш-құралдары пайдаланылады.

2. Қажет болған жағдайларда белгіленген тәртіппен төтенше жағдай режимін қамтамасыз етуге Қазақстан Республикасының Президенті актісінің негізінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері мынадай міндеттерді орындауға:

1) төтенше жағдай енгізілген жерлерге кірудің және одан шығудың ерекше режимін
с а қ т а у ғ а ;

2) аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық объектілерді, халықтың тыныс-тіршілігін және көліктің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін объектілерді және адамдардың өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ қоршаған ортаға қауіп төндіретін объектілерді күзетуге ;

3) қаруды, әскери және арнайы техниканы қолдану арқылы күш көрсету әрекеттері араласқан қақтығыстарға қатысқан қарсы соғысушы тараптарды айыруға;

4) заңсыз қарулы құрылымдар әрекетінің жолын кесуге қатысуға;

5) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және адамдар өмірін құтқаруға қатысуға тартылуы мүмкін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекаралық әскерлері төтенше жағдай режимін қамтамасыз етуге Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын қорғау мақсатында ғана тартылады.

4. Осы баптың 2-тармағындағы 1)-4) тармақшаларда көрсетілген

міндеттерді Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері ішкі істер органдарымен және ұлттық қауіпсіздік органдарымен бірлесіп орындайды. Бұл ретте Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілеріне "Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері туралы" Қазақстан Республикасы

Заңының дене күшін, арнайы құралдарды, қаруды, әскери техниканы қолдану шарттарына, тәртібіне және шектеріне қатысты бөлігіндегі ережелері таралады.

11-бап. Қазақстан Республикасының аумағында төтенше жағдай енгізілген кезде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлер мен әскери құрамаларға басшылық ету

Қазақстан Республикасының аумағында төтенше жағдай енгізілген кезде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлер мен әскери құрамаларына тікелей басшылық етуді тиісінше Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, басқа да әскерлердің Қолбасшылары, сондай-ақ әскери құрамалардың командирлері (бастықтары) жүзеге асырады.

4-тарау. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ КЕЗЕҢІНЕ ЕНГІЗІЛЕТІН
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ ЕРЕКШЕ

НЫСАНДАРЫ

12-бап. Төтенше жағдай кезеңіне енгізілетін мемлекеттік басқарудың ерекше нысандары

1. Төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайларды жою жөніндегі мәселелерді шұғыл шешу және іс-шаралар жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының Президенті төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік басқарудың ерекше нысандарын құруға мүмкін, оларға:

1) Консультативтік-кеңесші орган - Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссия;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен бөлінетін қаражат есебінен, ал Қазақстан Республикасының төтенше бюджеті енгізілген кезде - Қазақстан Республикасының төтенше бюджеті қаражатының есебінен ұсталатын мемлекеттік мекеме нысанында құрылатын және аумақтық әділет органдарында дереу тіркеуге жататын уақытша арнайы орган (жергілікті комендатура) жатады.

2. Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік басқарудың ерекше нысандары төтенше жағдайды енгізу кезеңінде оның енгізілуіне себеп болған мән-жайларға байланысты құрылуы мүмкін.

3. Консультативтік-кеңесші орган - Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссия және жергілікті комендатура туралы ережелерді Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

13-бап. Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссияның негізгі міндеттері

Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссияның негізгі міндеттері:

1) төтенше жағдайды енгізуге себеп болған мән-жайларды жою жөніндегі шараларды белгілеу;

2) төтенше жағдай енгізілген аймақ қызметін басқару және қамтамасыз ету жөніндегі жедел іс-шаралар жүргізуді ұйымдастыру;

3) орталық және жергілікті атқару органдарының төтенше жағдайды енгізуге себеп болған мән-жайларды жою жөніндегі қызметін үйлестіру;

4) төтенше жағдай кезеңінде жүргізілетін іс-шаралардың орындалуын бақылау болып табылады.

14-бап. Төтенше жағдай енгізілген жердегі коменданттың өкілеттіктері

1. Төтенше жағдай енгізілген жердегі комендатура төтенше жағдай режимін жергілікті атқарушы органдармен бірлескен іс-қимыл арқылы қамтамасыз етеді. Бұл ретте жергілікті комендант төтенше жағдай режимін қамтамасыз ететін күш-құралдарды бірыңғай басқаруды жүзеге асырады.

2. Төтенше жағдай енгізілген жердегі комендант:

1) өз өкілеттігі шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар және лауазымды адамдар, азаматтар, сондай-ақ ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқару органы бөлімшелерінің, төтенше жағдай енгізілген жерлерде орналасқан және төтенше жағдай режимін қамтамасыз етуге қосымша тартылған әскери құрамалардың бастықтары (командирлері) тиісті аумақта міндетті түрде орындауы қажет төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі бұйрықтар мен өкімдер шығарады;

2) азаматтардың белгілі бір орынды белгіленген мерзімге тастап кетуіне шектеу қояды, төтенше жағдай жарияланған жердің тұрғындары болып табылмайтын, қоғамдық тәртіпті бұзушы адамдарды өздерінің есебінен тұрақты тұратын жерлеріне немесе осы жерден тысқары жерлерге шығарып жібереді, сондай-ақ төтенше жағдай енгізілген жерлерде заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қ а б ы л д а й д ы ;

3) өз міндеттерін тиісті түрде орындамауына байланысты мемлекеттік ұйымдардың басшыларын бұл міндеттерді басқа адамдарға уақытша жүктей отырып, төтенше жағдайдың қолданыста болу кезеңінде қызметінен шеттетеді;

4) енгізілген шаралар мен уақытша шектеулердің, сондай-ақ тиісті ұйымдарға жүктелген қосымша міндеттердің орындалуын қамтамасыз етпеуіне немесе тиісті түрде орындамауына байланысты мемлекеттік емес ұйымдардың басшыларын төтенше жағдайдың қолданыста болу кезеңінде қызметінен шеттетеді;

5) Қазақстан Республикасының Президентіне төтенше жағдай енгізілген жерлерде осы Заңда қарастырылған шаралар мен уақытша шектеулерді енгізу қажеттілігі туралы ұсыныс жасайды және бұл шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді;

6) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тиісті аумақтың тұрғындарын төтенше жағдай кезінде қолданылатын енгізілген шаралар мен уақытша шектеулерді орындау қажеттілігі туралы х а б а р д а р е т е д і ;

7) жергілікті өкілетті және атқару органдарының барлық мәжілістеріне

қатысуға және өз құзыретіндегі мәселелер бойынша ұсыныстар енгізуге құқылы.

3. Төтенше жағдай енгізілген жердегі комендатураны құру көрсетілген аумақта жұмыс істейтін жергілікті өкілетті және атқару органдарының

қызметін тоқтатпайды.

15-бап. Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ететін күш-құралдардың іс-қимылын үйлестіру

Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ететін күш-құралдардың іс-қимылын үйлестіру үшін Қазақстан Республикасы Президентінің актісімен төтенше жағдай енгізілген жердегі комендатураның құрамында төтенше жағдай режимін қамтамасыз ететін органдар өкілдерінен тұратын бірлескен жедел штаб құрылуы мүмкін.

Бірлескен жедел штабқа төтенше жағдай енгізілген жердегі комендант басшылық етеді.

5-тарау. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ КЕЗІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ШАРАЛАР МЕН УАҚЫТША ШЕКТЕУЛЕР

16-бап. Төтенше жағдайды енгізу кезінде қолданылатын негізгі шаралар мен уақытша шектеулер

1. Төтенше жағдайды енгізу кезінде оның қолданыста болу кезеңінде мынадай негізгі шаралар мен уақытша шектеулер:

- 1) қоғамдық тәртіпті сақтауды, аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық объектілерді, сондай-ақ халықтың тыныс-тіршілігін және көлік қызметінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін объектілерді күзетуді күшейту;
- 2) төтенше жағдай енгізілген жерлерде қозғалыс еркіндігін, оның ішінде көлік құралдарының қозғалысын шектеу;
- 3) азаматтардың жеке басын куәландыратын құжаттарды тексеру, оларды жеке тексеру, олардың заттарын, тұрғын үйлері мен көлік құралдарын тексеру;
- 4) төтенше жағдай енгізілген жерлерге кірудің және одан шығудың ерекше режимін а й қ ы н д а у ;
- 5) жиналыстарды, митингілерді және демонстрацияларды, шерулер мен пикеттеуді, сондай-ақ ойын-сауық, спорттық және басқа да бұқаралық іс-шараларды өткізуге т ы й ы м с а л у н е м е с е ш е к қ о ю ;
- 6) ереуілдерге және ұйымдардың қызметін тоқтатудың немесе толық тоқтатудың өзге де әдістеріне т ы й ы м с а л у ;
- 7) жарылғыш, радиоактивті, сондай-ақ химиялық және биологиялық қаупі бар заттарды пайдаланатын ұйымдардың қызметін тоқтату;

8) егер төтенше жағдайларға байланысты жойылудың, ұрланудың немесе бүлінудің нақты қауіпі болса, материалдық және мәдени құндылықтарды қауіпсіз аудандарға көшірілу көзделеді.

17-бап. Төтенше жағдайлар кезінде қолданылатын қосымша шаралар мен уақытша шектеулер

1. Осы Заңның 4-бабындағы 2-тармақтың 1) тармақшасында қарастырылған мән-жайлар орын алған кезде төтенше жағдай енгізілген болса, төтенше жағдай енгізілген жерлерде мынадай қосымша шаралар мен уақытша шектеулер:

1) коменданттық сағатты енгізу;

2) баспа басылымдарының бақылау және міндетті даналарына және радио-телехабар материалдарына сұрау салу арқылы бұқаралық ақпарат құралдарын бақылауды жүзеге асыру;

3) төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайларды жоюға кедергі келтіретін саяси партиялардың және қоғамдық бірлестіктердің қызметін тоқтамға алу немесе заңнамада белгіленген тәртіппен тоқтату туралы тапсырма беру;

4) көбейту техникасын, сондай-ақ радио- және телеарна аппаратурасын, аудио- және бейнежазба техникасын пайдалануды шектеу немесе тыйым салу, сондай-ақ дыбыс күшейткіш техникалық құралдарды уақытша алып қою;

5) азық-түлікті және бірінші кезекте қажетті заттарды сатудың, сатып алудың, және бөлудің ерекше тәртібін орнату;

6) тауарлардың, қызмет көрсетулердің және қаржы қаражаттарының орын ауыстыруын қоса алғанда меншік нысанына қарамастан жеке және заңды тұлғалардың қаржы-экономикалық қызметінің жекелеген түрлерін жүзеге асыруына шек қою;

7) қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды, арнайы құралдарды, улы заттарды сатуға шек қою немесе тыйым салу, құрамында есірткілік заттар бар дәрі-дәрмек құралдары мен препараттарының, күшті әсер ететін заттардың, сондай-ақ этил спиртінің, спирт ішімдіктерінің, құрамында спирт бар өнімдердің айналымына ерекше режим белгілеу;

8) азаматтардан қару мен оқ-дәрілерді, улы заттарды уақытша алып қою, ал ұйымдардан - қарумен, оқ-дәрілермен және улы заттармен қатар әскери және жауынгерлік оқу техникасын, жарылғыш және радиоактивті заттарды уақытша алып қою көзделеді.

2. Осы Заңның 4-бабындағы 2-тармақтың 2) тармақшасында қарастырылған мән-жайлар орын алған кезде төтенше жағдай енгізілген болса, төтенше жағдай енгізілген жерлерде мынадай қосымша шаралар мен уақытша шектеулер:

1) тұрғындарды оларға міндетті түрде стационарлық немесе уақытша тұрғын-жайлар ұсыну арқылы қауіпсіз аудандарға уақытша көшіру;

2) карантин енгізу, санитарлық-эпидемияға қарсы және эпизоотияға қарсы і с - ш а р а л а р д ы жү р г і з у ;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік материалдық қорды пайдалану, ұйымдардың ресурстарын тарту, олардың жұмыс режимін өзгерту және төтенше жағдай кезінде қажетті өнімдер шығаруға қайта бағдарлау;

4) апаттық-құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізу және

қамтамасыз ету қажеттілігімен байланысты жағдайларда еңбекті қорғау туралы заңнаманың талаптарын міндетті түрде сақтай отырып, еңбекке жарамды тұрғындарды және көлік құралдарын көрсетілген жұмыстарды жүргізуге тарту көзделеді.

3. Осы Заңның 16 және 17-баптарында көзделген негізгі және қосымша шараларды және уақытша шектеулерді Қазақстан Республикасының Президенті төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайларға байланысты толық немесе ішінара енгізуі мүмкін.

18-бап. Төтенше жағдай кезінде сайлаулар мен референдумдар өткізуге шек қою

Төтенше жағдай енгізілген жерде сайлаулар мен республикалық референдумдар төтенше жағдайдың қолданыста болуының барлық кезеңінде өткізілмейді.

6-тарау. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ КЕЗІНДЕ АЗАМАТТАР МЕН ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАР ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ КЕПІЛДІГІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

19-бап. Төтенше жағдай кезінде шаралар мен уақытша шектеулерді қолданудың шектері

1. Төтенше жағдай кезінде қолданылатын шаралар және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, сондай ұйымдардың құқықтарын шектеу оларға қосымша міндеттер жүктеу төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлар туындатқан шектерде жүзеге асырылуы тиіс.

2. Төтенше жағдай кезінде қолданылатын шаралар мен шектеулер адам құқықтары саласында Қазақстан Республикасы қол қойған халықаралық шарттарға қайшы келмеуі тиіс.

20-бап. Төтенше жағдайдың қолданыста болу кезеңінде

азаматтардың, ұйымдардың мүліктік және әлеуметтік
құқықтарының кепілдіктері

1. Төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлардың нәтижесінде немесе осындай мән-жайларды немесе олардың салдарларын жою жөніндегі шараларды қолдануға байланысты зардап шеккен азаматтарға тұрғын жайлар беріледі, материалдық зиянның орны толтырылады, жұмысқа орналасуына көмек көрсетіледі және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шарттар мен тәртіпте қажетті көмек беріледі.

2. Төтенше жағдай енгізуге негіз болған мән-жайларды жою қажеттіліктері үшін мүліктері мен ресурстары пайдаланылған ұйымдардың заңнамада белгіленген тәртіппен келтірілген зиянды өндіріп алуға құқығы бар.

21-бап. Қаруды, әскери және арнайы техниканы, арнайы
құралдарды және дене күшін қолданудың тәртібі
мен шарттары

Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ететін органдар қызметкерлері әскери қызметшілерінің қаруды, әскери және арнайы техниканы, арнайы құралдар дене күшін қолдануының Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртібі мен шарттары төтенше жағдай кезінде өзгертілмейді.

22-бап. Коменданттық сағат ережелерін бұзған азаматтарды
ұстау тәртібі

1. Коменданттық сағат ережелерін бұзған азаматтарды ішкі істер органдарының қызметкерлері (полиция) немесе әскери патрульдер коменданттық сағат аяқталғанға дейін, ал жеке басын қуәландыратын құжаттары өзімен бірге болмағандарды жеке басын анықтағанға дейін, бірақ ішкі істер органы бастығының немесе орынбасарының шешімі бойынша 48 сағаттан аспайтын уақытқа ұстайды. Ұсталған адамдар және олардың өздерімен бірге болған заттары мен көлік құралдары тексерілуі мүмкін.

2. Ішкі істер органы бастығының немесе оның орынбасарының ұстау туралы шешімі туралы жоғары тұрған лауазымды адамға, прокурорға немесе сотқа шағым беруге болады.

3. Төтенше жағдай енгізілген жерлерде адамдардың, жануарлардың және өсімдіктердің қауіпті жұқпалы ауруларының таралу қаупінің туындауы салдарынан карантин енгізілген жағдайда төтенше жағдай режимін бұзған және көрсетілген

жерлерде тұрмайтын және басқа да жағдайларда бұл аумақтың шегінен міндетті түрде шығарылуы тиіс азаматтар жалпы негізде осы азаматтарды бақылауға алудың денсаулық сақтау органдары белгілеген мерзімі аяқталғанға дейін ұсталады.

4. Төтенше жағдай режимінің талаптарын бұзғаны үшін азаматтар, лауазымды адамдар және ұйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

23-бап. Төтенше жағдайдың қолданыста болуын тоқтатудың құқықтық салдарлары

Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету мақсатында қабылданған және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ ұйымдардың құқықтарын уақытша шектеумен байланысты нормативтік құқықтық актілер тек қана төтенше жағдай енгізілген мерзім ішінде қолданылады және заңнамада белгіленген тәртіппен жойылуы тиіс.

24-бап. Төтенше жағдай режимін қамтамасыз етуге қатысқан адамдардың жауапкершілігі

Төтенше жағдай режимін қамтамасыз етуге қатысушы органдардың қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің қаруды, арнайы құралдарды және дене күшін құқыққа сай емес қолдануы, сондай-ақ олардың лауазымды адамдарының қызметтік өкілеттіктерін асыра пайдалануы заңнамаға сәйкес жауапкершілікке әкеліп соғады.

25-бап. Төтенше жағдай енгізілген аумақта сот әділдігін жүзеге асыру

Төтенше жағдай енгізілген жерлерде сот әділдігін Қазақстан Республикасының Конституциясына және "Қазақстан Республикасының сот жүйесі және соттардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының конституциялық заңына сәйкес белгіленген соттар ғана жүзеге асырады.

Соттардағы сот өндірісі Қазақстан Республикасының төтенше жағдай енгізілген сәтте қолданыста болған заңнамасына сәйкес жүргізіледі. Қандай да болсын атаумен арнайы және төтенше соттар құруға жол берілмейді.

Төтенше жағдай енгізілген жерлерде жұмыс істейтін соттардың сот әділдігін жүзеге асыруы мүмкін болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты сот процесі тараптарының келісімі бойынша соттарда қаралатын істердің аумақтық құзыреттігін өзгертуі мүмкін.

7-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

26-бап. Халықаралық қайырымдылық көмек

Төтенше жағдай енгізілген жерлерде халықаралық қайырымдылық көмек Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес таратылады.

27-бап. Күші жойылды деп танылған заң актілері

Күші жойылды деп танылсын:

1. "Төтенше жағдайдың құқықтық режимі туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 15 қазандағы Z933400_ Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 17, 408-құжат; "Казахстанская правда" 16.03.1999 ж., N 50).

2. "Төтенше жағдайдың құқықтық режимі туралы" Қазақстан

Республикасының Заңын қолданысқа енгізудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 15 қазандағы

В 9 3 3 8 0 0 _

қаулысы

(Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 17, 409-құжат).

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК